



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 014 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2004 жылғы 25 маусым

### Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Халықаралық Валюта Қорының/Дүниежүзілік Банктің шағын тобының Қазақстандағы 2004 ж. 25 маусымдағы мәжілісі туралы хабарлайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, ҚР Қаржы министрлігінің, Халықаралық Валюта Қорының, Дүниежүзілік Банктің, Бельгия Ұлттық Банкінің; Чехия, Венгрия, Люксембург, Словакия, Словения, Түркия орталық банктерінің; мұнай өндіруші компаниялардың басшылары Алматы қаласында Халықаралық Валюта Қорының/Дүниежүзілік Банктің шағын тобының мәжілісінде мұнай секторына арнайы мән бере отырып, энергетикалық рыноктағы жағдайды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық мониторингіндегі және оны қолдаудағы орталық банктердің рөлін талқылайтын болады.

Мәжілістің 2-сессиясы аяқталғаннан кейін, жұма күні, 25 маусымда, сағат 17.30-да журналистерге арналған брифинг болады. Брифингте: Сәйденов Ә.Ф. – ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы, Вилли Кикенс (Willy Kiekens) - Халықаралық Валюта Қорының Басқарушы Директоры, Курт Байер (Kurt Bayer) – Дүниежүзілік Банктің Басқарушы Директоры, Ги Куаден (Guy Quaden) – Бельгия Ұлттық Банкінің Төрағасы сөз сөйлейді

Мәжіліске дейін және одан кейін Халықаралық Валюта Қорының/Дүниежүзілік Банктің шағын тобына қатысушы елдердің өкілдері қазақстандық ұйымдар мен компаниялардың өкілдерімен бірқатар жұмыс кездесулері мен өзара кеңестер өткізуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасының Ұлттық (орталық) Банкі (ҚРҰБ) қаржы секторын одан әрі дамыту үшін оның барлық бөліктерін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру қажет деп санайды және 2007 жылға дейінгі кезеңге басым бағыт ретінде ақша-кредит саясатын дамыған елдерде, атап айтқанда Еуропалық одақ шеңберінде қабылданған стандарттарға барынша жақындатуды айқындайды. 2004 жылдан бастап ҚРҰБ инфляциялық таргеттеу принциптеріне көшеді, оның шарттарының бірі баға саясатындағы тұрақтылықты және алдын ала болжауды қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанда «базалық инфляция» деп аталатын индекс енгізіледі, ол елдегі инфляциялық үрдістердің негізгі бағыттарын көрсетіп отырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы қосымша ақпаратты <http://www.nationalbank.kz> сайтынан алуға болады.

Халықаралық Валюта Қорының бірнеше шағын топтарының бірі - Бельгия шағын тобына 10 ел кіреді, оның өкілдері Қазақстандағы мәжіліске қатысып отыр.

Халықаралық Валюта Қорының/Дүниежүзілік Банктің шағын тобының Алматыдағы мәжілісі, біздің ойымызша, қаланың аймақтық қаржы орталығы ретіндегі өркендеп келе жатқан рөлін куәландырады.

ХВҚ-ның өкілдігі Қазақстанда 1995 жылдан бері жұмыс істеуде. 2003 жылдың ортасында қор Қазақстанға өзінің жаңа тұрақты өкілін тағайындамады. Бұл республиканың 2000 жылы ХВҚ-мен қор берген кредиттер (\$400 млн.) үшін мерзімінен бұрын толығымен есептескеніне байланысты болды және қазіргі уақытта Қазақстанның осы халықаралық қаржылық ұйым алдында берешегі жоқ. Осыған байланысты ХВҚ-ның Қазақстанда жергілікті қызметкерлерден тұратын өкілдігі ғана бар.

ХВҚ-ның 2003 жылдың көктемінде таратқан хабарында бұл шешімнің «экономиканы тұрақтандыру саласындағы айтарлықтай жетістіктерге, Қазақстан экономикасын дамытудың орта- және ұзақ мерзімді оң болжамдарына, сондай-ақ елдің болашақта қордың кредиттерін талап етудің өте төмен болжамына» негізделгені атап көрсетілді.

Қазақстанның 1992 жылғы қыркүйекте Дүниежүзілік Банкке қосылғанынан бастап республика тұтастай алғанда 23 жобаны іске асыру үшін жалпы сомасы \$1,9 млрд. болатын заем алды, оның \$1,4 млрд. игерілді. Сонымен бірге қаражаттың басым бөлігі - 66%-ы үш негізгі секторға: мемлекеттік басқаруға, энергетикаға және қаржыны басқаруға инвестицияланды. Құрылымдық заемдар жалпы портфельдің 50%-дан астамын құрады. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және инфрақұрылымды дамыту саласында жеті жоба іске асырылуда. Олардың жалпы сомасы \$520 млн. астам. 2003 жылдың аяғында Дүниежүзілік Банк және Қазақстан Үкіметі алдағы үш-бес жылға есептелген жаңа ынтымақтастық бағдарламасын талқылауға кірісті. Құжаттың стратегиялық сипаты бар, себебі Қазақстан бұрын республиканың экономикасын реформалау жобаларына банк берген заем қаражатын қажет етпейді.

ҚРҰБ басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы

Тел.: 704-639

Факс: +7 (3272) 704-697

E-mail: [mab@nationalbank.kz](mailto:mab@nationalbank.kz)